«Қызылорда облысы білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №21«Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК меңгерушісі: Э.Нурмаганбетова

Вариативтік компонент бойынша жүргізілетін жұмыс жоспары

«Айналайын» мектепалды тобы

(5 жастан)

Топ тәрбиешілері: Алгазиева Райкул

Жолмырзаева Айнұр

2021-2022 оқу жылы

«Сиқырлы сандар»

«Айналайын»мектепалды даярлық тобы

(Вариативтік компонент)

Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану өте маңызды. Себебі, 5-6 жастағы балалар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді, берілген тапсырманы тез қабылдайды, зейін қойып, оны орындауға асығады.

Ұсынылып отырған «Сиқырлы қалам» вариативтік бөлім бағдарламасы балалардың бойына математикалық білімге деген қызығушылықты сіңіру және білімді өздігінен меңгеруге талпынуды дамыту мақсатында құрылған. Сонымен бірге базалық міндетті бөлімде баланың алған білімін одан әрі тереңдетіп, жетік меңгеруіне жағдай жасайды. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемі арқылы бұлдіршіндер әр түрлі заттарды санауды үйренеді және жаттығады. Соның нәтижесінде «Қанша?» «Нешінші?» сұрақтарына жауап беріп, санау қажеттігін игереді.

Ойын түрінде берілген математикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалар заттардың екі тобын салыстыруды, артық, кемді анықтауды үйренеді. Оқу жылы барысында берілген білім «Математикалық эстафета» бөліміндегі тапсырмалар бойынша тексеріліп, қорытындыланады.

«Сиқырлы қалам» вариативтік болік бағдарламасында берілген тапсырмалар балалардың математикалық түсініктер мен ұғымдарды жеңіл игеруіне ықпал етеді деп ойлаймыз.

Мақсаты:

Қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіру

Міндеттері:

*Заттардың әр-түрлі топтарын санау, оның саны мен сапасын анықтау дағдысын жетілдіру;

- Кеңістікті, уақытты қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын жетілдіру;
- Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін кеңейту;
- Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, бекіту;
- Алған білімдері мен іскерліктерін күнделікті өмірде қолдану.

Мазмұны:

Түс және пішін

- Сан және санау
- Бүтін және бөлік
- Геометриялық фигуралармен танысу
- Қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды орындауға жаттықтыру
- 10-ғадейінгі сандарды санауға үйрету
- Заттардың көлемдерін анықтау
- Ауызша есептеу дағдыларын дамыту

Тақырыптық жоспар үлгісі

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні	Көрнекілігі	Мақсаты
1	Сурет бойынша сызықтарды қосу	1	07.09	Дидактикалық үлестірмелер,суреттер	Балалардын көз зердесін қалыптастыру
2	Түс және пішін	1	14.09	Суреттер	Түсті және заттардың пішінін ажырата білу
3	Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын,орнын ауыстыру	1	21.09	Сурет	Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру
4	Заттарды санау. Тура және кері санау	1	28.09	Суреттер	Заттарды санау,әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру
5	«Біз нешеуміз»	1	05.10	Үлгі, суреттер	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту
6	Суретпен жұмыс	1	12.10	Үлгі, суреттер	Суреттегі заттарды салыстыру,олардың айырмашылықтарын таба білу
7	«Кім қай партада отыр?» (Ойын)	1	19.10	Сурет	Сандар қатары туралы түсініктерін бекіту
8	«Сиқырлы қоржын» (Ойын)	1	26.10	Таңбалар үлгісі, сандар	Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру

9	Танысфигураларды ата	1	02.11	Сандар	Оқушылардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту
10	Геометриялық фигуралармен танысу	1	09.11	Фигуралардың суреттері, атаулары	Геометриялық фигуралардың әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру
11	«Сәулетші» ойыны	1	16.11	Сандар, суреттер	Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру
12	Қызықтытекше	1	23.11	Кестелер, суреттер	Сандардың ретін меңгерту
13	Көңілдісанамақтар	1	30.11	Сандар,суреттер	Жылдам санау дағдыларын ұштау
14	«Ойнайық та, ойлайық»	1	07.12	Сандар	Логикалық есептер шығаруға үйрету
15	«Жылдам ойлан!»	1	14.12	Фигуралардың суреттері	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге дағдыландыру
16	Сырсандық білімдарларға	1	21.12	Фигуралар	Белгісіз санды және өрнектің мәнін табуға машықтандыру
17	Бүтін және бөлік	1	28.12	Суреттер	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру
18	Сұйық және сусымалы	1	04.01	Суреттер	Сұйық және сусымалы заттарды ажырата білуге үйрету
19	Қайуақыт, сағатнеше?	1	11.01	Сағат	Уақыт туралы түсініктерін дамыту

20	Заттардың орналасуы	1	18.01	Сандар	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру
21	Ойынесептер	1	25.01	Суреттер	Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларын дамыту
22	Теңге, монеталар.	1	01.02	Суреттер	Балаларға теңге, монеталар жайында алғашқы түсінік беру
23	Ойын «Кімтанқыр?»	1	08.02	Сандар,суреттер	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу.
24	Арифметикалық лото (Ойын)	1	15.02	Кестелер	Қосу және азайту тәсілдерін пысықтау.
25	Есептер шығару	1	22.02	Сандар	Арттыру, кеміту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру
26	«Кім жылдам?»	1	01.03	Сандар	Балалардың қосу және азайту таңбаларын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру
27	Тез есепте!	1	15.03	Сандар	0- ден 10- ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру
28	Ойынесептер «Ойлан тап!»	1	29.03	Сандар	Балаларды өз бетінше есеп құрастыруға үйрету

29	20-гадейінгі сандарды санауға үйрету«Сандардыңорнын тап» ойын	1	05.04	Кестелер	20-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша санауға дағдыландыру
30	Сандарқұрамыменжұмыс	1	12.04	Сандар	Сандар құрамын жылдам таба білуге үйрету
31	Ойнай отырып, ойла	1	19.04	Сандар	Көзбен кору арқылы есте сақтау қабілетін дамыту
32	Математикалық эстафета	1	26.04	Сандар	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту
33	Логикалық есептер	1	03.05	Сандар	Балалардың логикасын дамыту
34	«Орналасу ретін тап» ойыны	1	17.05	Сандар	Сандарды ретімен орналастыра алуды үйрету
35	Санамақ жұмбақ	1	24.05	Сандар	Балаларды сандарды санауға үйрету
36	Тура және кері санау	1	31.05	Сандар	Балаларды тура және кері санауға үйрету, алған білімдерін бекіту
Барлығы 36сағат					

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
4. Ш.Х.Құрманалина, С.Ш.Сәрсенбаева,Р.Қ.Өміртаева

   Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар
5. Б.М.Қосанов,Р.Қ.Өміртаева

   Математикадан қызықты жаттығулар
6. Ш.Х.Құрманалина,М.Жұмабекова,Р.Өміртаева

   Математикаға арналған дидактикалық материалдар
7. Л.В.Кирилинская, А. Сәулебаева , М.К. Абаева –Бегалиева

   Сиқырлы математика «Шикула және К» 2010 жыл
8. Қызықты сандар құпиясы Алматы-2008 жыл
9. С.Мадалиева

   Сиқырлы математика елі

Құрастырушы –автор: С.Т.Аймағанбетова

«Ұлттық ойынды ұлықтайық!»

(Вариативтік бөлім)

2021-2022 оқу жылы

“Ұлттық ойынды ұлықтайық!”

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы мемлекеттік бағдарламасында, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді.

Бағдарламаның мақсаты: тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін игеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, түрлі қимылды ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен танысу енгізілген.

Еліміздің заманауи білім кеңістігіне бет бұруы ұлттық педагогикада, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді қажет етеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деп жазған болатын. Яғни, мектепке дейінгі кезеңнен бастап ұлттық тәрбиені қалыптастыру, баланың физикалық және ой-өрісінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру өте өзекті. Балабақшадағы асық ойнай бастаған баланың бойындағы өзгерістерді ата-аналар күн сайын байқауға болады. Яғни, бала еңкейеді, тұрады, үздіксіз қозғалыс дене сымбатына көмектеседі. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қабілеті дамиды, ұтып алған асығы көбейген сайын қуанады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшылдығы мен тіл байлығын дамытады. Асық терапиясы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, сабырға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді.

Балабақша тәрбиешілері асық арқылы санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу, түрлі оқиғаларды
ойлап тауып, бала танымына қоршаған әлем заңдылықтары мен оқиғаларын қызықты түрде жеткізуге тырысады. Асық ату ойыны арқылы балалардың мергендігін дамытуға, асықпен ойнайтын сан алуан ойындар арқылы бала денсаулығын шыңдауға болады. Ересек топтар үшін тапсырма қызықты әрі пайдалы. Баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті артады, эстетикалық талғамы дамиды және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа үйренеді. Асықтан құралған тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еті катаяды, қабілеті артады. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілетінің дамуына, жалпақтабанның алдын алуға болады.
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандарты мен үлгілік бағдарламасына сай барлық білім саласында асықты қолдануға болады.
Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды.
– Бұл – асық терапиясының бастапқы нұсқасы.
Ұлттық асық тарихын ұмыт қалдырмай, жаңашыл леппен ойындар ойлап табу да әрбіріміздің қолымыздан келері хақ. Асық - таусылмас мұрамен қатар, таусылмас идея деп айтар едім.

жаңғырту.Қазақ халқының ұлттық ойындарының қалыптасу тарихымен таныстыру.Балаларды асық ойынының басқа түрлерімен таныстыру. Қазақ халқының брендттерін сақтап әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар қатарына қостыруға ой туғызу.Ұлттық ойын бала денесінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік туғызады.
Ұлттық ойын баланы тек денесін шыратып, денсаулықтарын жақсартады. Ойын арқылы баланың ойлау қабілеті ламиды. Балаларды шыдамдылыққа, төзімділікке үйретеді.

Үйірменің міндеті

Асық ойынының барлық ережелерін, қыр-сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлерімен ерекшеліктерін білу.Қазақтың ұлттық ойыны асық ойынын дәріптеу. Асық ойынының маңызы мен оның түрлерін анықтау.
Асық ойынының ұмытылып, мүлде ойналмай, ережелерінің сақталмай, ойнаудың өзіндік сырларының (техникасын) жоғалып бара жатқандығын басты назарда ұстау, ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу керектігін дәріптеу. Өткенді зерделеп, келешек ұрпаққа насихаттау.

- "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге;
- Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;
- Әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға
- Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Күтілетін нәтиже:

Асықтың қайдан алынатыны туралы түсінеді;
Асық ойынының көптеген түрімен және олардың ойналу ережесімен танысады;
Қазақтың ұлттық ойындарымен тереңінен танысып оның түрлерін меңгереді;
Ұлттық құндылықтарымыздың қаншалықты маңызды екенін түсінеді;
Ұлттық ойынға деген қызығушылығы артады;
Үйірмеде меңгерген білім, білік дағдыларын өмірде қолдануды меңгереді;
Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;
Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
Балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;

Үйірмені зерттеу нәтижелері

Бәсекеге қабілетті әлемде өмір сүру үшін ұлттық құндылықтарды білу керек. Себебі халық даналығы айтып кеткендей, "Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес" Ұлттық ойындардың ұрпақ тәрбиесінде алар орны қандай дәрежеде екенін білу.
Асық ойынының қандай түрлері ел арасында танымал екенін білу. Ұмытылып қалған түрлерін анықтау
Асық ойыны әдет-ғұрыптың қалыптасуына, сақталуына үлкен ұйытқы болады. Асық ойынын ойнаудың маңыздылығы неде екенін түсіну.

Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту

Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздай жасаған оты. Міне, ойын дегеніміз - тынысын кең алыска меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен канат беретін осындай гажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: Ойынсыз ақын – ойдың қаншалықты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады.

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықты ойындарын ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады.

Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемеге әдістемелік құрал болып табылады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни, қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады. Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор.

Ұлттық ойын арқылы бала тілін дамыту

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты – халықтың ұлттық ойындары.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс -әрекеті. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділікпен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым -қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады.

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді.

"Ұлттық ойынды ұлықтайық!" - үйірмесі балалардың дене шынықтыруымен ынта жігерлерін арттыратын үйірме. Асық ойыны балаларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеті болмаса, балаларда төзімділік, шыдамдылық та болмайды.

Балалардың жас ерекшеліктерін, меңгеру деңгейін ескере отырып "Ұлттық ойынды ұлықтайық!" үйірмесі айына 4 сағат көлемінде алынып, 36 сағатты қамтиды.

Үйірме мақсаты

Қазақ халқының ұмыт қалған ұлттық ойынын дәріптеу арқылы балалардың өз ұлтының тарихына, салт-дәстүріне, ұлттық ойынына деген қызығушылығын ояту, арттыру.Ата бабамыздан мирас болып қалған, ұлттық ойынымызды соның ішінде "Асық ату" ойынын

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Қазақ халқының салт-дәстүрлері" Авторы: С.Қалиев, М.Оразаев Алматы 1994ж
2. "Қырық қазына" Авторы: Ә.Доспанбетов Алматы, 1997ж
3. Н. Жүсіп Тутанхамонның асығы// Егемен Қазақстан
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы 1 томы.
5. Қазақ Совет энциклопедиясының 1 томы. 2006.22 наурыз № 63-10 бет.
6. Соқыртеке: Ауыз әдебиетіндегі балалар ойындарының үлгілері.Құрастырған Ш.Ыбыраев Алматы: Өнер, 1990. 176-бет.
7. Е.Сағындықов "Қазақтың ұлттық ойындары" Алматы Рауан, 1991-176 б
8. Балалар энциклопедиясы (1-том 127-бет)
9. Ұлан газеті "Балбұлақ" бөлімі жарияланған "Қазақтың ұлттық ойындары" мақаласы. Авторы: Досымбек Қатран 2005 ж

Күнтізбелік жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Көрнекілік
1	Қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныстыру	Қазақтың ұлттық ойындарының қалыптасу тарихын зерттеу; Асық ойынының түрлерімен және олардың ойналу ережесімен таныстыру.	1 01.09	Ұлттық ойындар туралы слайд
2	Асық ату ойынының шығу тарихы.	Асық ойынының шығу тарихы туралы зерттеп, бүгінгі ұрпаққа таныту.Ұмытылып бара жатқан ойынды жаңғырту.	1 08.09	Тақырыпқа сай слайд.
3	"Асықтың түрлері мен құрылысы"	Асық ойынының қандай түрлері ел арасында танымал екенін білу; ұмытылып калған түрлерін анықтау.Асық ойынын ойнаудың маңыздылығы неде екенін түсіну.	1 15.09	Асық түрлері. Слайдпен жұмыс
4	"Ханталапай" ойыны	Балаларға қазақтың ұлттың ойыны туралы мағлұмат беру.Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру.	1 22.09	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
5	"Қақпақыл" ойыны.	Ойын ойнау арқылы балалардың шапшаң қимыл-қозғалысын арттыру. Ойынғадегенқызығушылығынарттыру.	1 29.09	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
6	«Төртасық» ойыны.	Балалардыаңғарымпаздыққаүйретедіәрі қолдары жаттығады.Балаларды дәлдікке,мергендікке,ептілікке баулу.	1 06.10	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
7	"Ханталапай" ойыны бойынша сайыс.	Балалардыекітопқабөлуарқылыханталапайойынынойнату. Сайыс барысындабалалардыңшапшаңдығын, ойынғадегенқызығушылығынарттыру.	1 13.10	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
8	"Асық қаршу" ойыны.	Асық иіру арқылы ойыншылардың ретін белгілету. Ойын барысында балалардың қол маторикасын дамыту.	1 20.10	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
9	"Омпа" ойыны.	Ұлтымыздың негізсіз ұмтылып бара жатқан ойынын жаңғырту.Балаларды дәлдікке,мергендікке,ептілікке баулу.	1 27.10	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
10	«Шыкетер» ойыны.	Балаларғақызықтыасықойынынойнатуарқылыойынғадегенқызығушылықтарыныяту.	1 03.11	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
11	"Тасқала" ойыны.	Пирамида етіп тігілген асықтарды ату . Ойын ойнау арқылы балалардың шапшаң қимыл-қозғалысын арттыру.	1 10.11	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
12	"Хан"	Балаларға қазақтың ұлттың ойыны туралы мағлұмат беру.Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру.Ойынды ереже сай орындату арқылы,ептілікті,	1 17.11	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.

		мергендікті үйрету.		
3	"Атпақыл" ойыны.	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру. Бұл ойын балаларды шымырлыққа, дене күшін жетілдіруге үйретеді.	1 24.11	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
4	"Үйірмекіл" ойыны.	Балалардытулақбойынажинатаотырыпасықтарынiрту. Балалардыауызбіршілікке баулу.Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	1 08.12	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
5	"Омпа" ойыны.	Ұлтымыздың негізсіз ұмтылып бара жатқан ойынын жаңғырту.Балаларды дәлдікке,мергендікке, ептілікке баулу.	1 15.12	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
6	"Үштабан" ойыны.	Асықойыныарқылыбалалардыңдостық қарым-қатынасын нығайту. Екітопқабөлеотырыпережегесайойындыойнату.	1 22.12	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
7	«Бес табан» ойыны	Қабат-қабат қойылған асықтарды құлату арқылыбалалардыңойынғадегенқызығушылығынарттыру. Балаларға жараназан айтқызу арқылы ойынды ойнату.	1 29.12	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
8	"Асық-ұлттық ойын" сайыс.	Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылығын ояту.Сайыс барысында жылдамдық, ептілікке баулу.	1 05.01	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
9	"Қақпақыл" ойыны.	Шапшаңдыққа, жылдам қимыл-қозғалыс жасату. Баланың жылдам қимылдауға, шапшаң әрекет жасауға, баланы өз бетінше жылдам ойнауға, есеппен әрекет етуге үйретеді.	1 12.01	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
0	"Алтын сақа" ойыны.	Асық ойыны туралы түсініктерін кеңейту.Ойынды ереже сай ойнату.Балаларды ұлттық ойынға ойнату арқылы ұлтжандылыққа баулу.	1 19.01	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
1	"Бүк-шүк" ойыны.	Сақа асығын балаларға ұстату арқылы ортаға тігілген асықтарды ніріп ату арқылы ойнату.Өз-өздеріне сенімділіктерін қалыптастыру.	1 26.01	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
2	"Асық қаршу" ойыны.	Асық ніру арқылы ойыншылардың ретін белгілету. Ойын барысында балалардың қол моторикасын дамыту.	1 02.02	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
3	"Жемекіл" ойыны.	Асықты ніріп ату ережесін балаларға үйрете отырып ойнату.Балалардың шапшаңдық қимыл-қозғалысын қалыптастыру.	1 09.02	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
4	"Алшы" ойыны.	Балаларды ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу. Ұлттық мұраны сыйлауға тәрбиелеу. Тез ойлауға алыстан көруге, қайраттылыққа баулу.	1 16.02	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
5	"Сасыр" ойыны.	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.	1 23.02	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
6	"Бес тас" ойыны.	Балалардыңжылдамығынарттыру, қолмоторикасындамыту, санауға үйрету.Ойынғадегенқызығушылығынарттыру.	1 02.03	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
7	"Алты атар" ойыны.	Асықты шиырып ніру арқылы алты атар ойынын ойнату.Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	1 09.03	Асықтар, арнайы белгі төсеніш, ысқырық.
8	"Ләңгі тебуде бір	Ұлтымыздың негізсіз ұмтылып бара жатқан ойынын жаңғырту. Ләңгі тебу арқылы	1 16.03	Асықтар, арнайы белгі

№21«Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы

«Шебер қолдар»

(вариативтік бөлім)

«Айналайын »мектепалды тобы

2021 жылы

Міндеттері:

1. Мүсіндеуде техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру.

2. Шығармашылық іс-әрекет процесіне, коркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Мазмұны:

Сазбалшықтың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру:сазбалшық жұмсақ, бөліп алуға, илеп мүсіндер жасауға болады.

Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен үзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету,

Кесекті алақан арасында және жазықтықта түзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Бөліктері бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қатынастарын сақтау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету.

Мүсіндеуді сазбалшықпен, ермексазбен, тұзды қамырмен пайдалануға болады. Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі.

Тұзды қамырдың артықшылығы:

1. Көп шығын шығармай, өзінізге керек уақытта дайындап алуға болады.
2. Тез жуылады, дақ қалдырмайды.
3. Ауызға түскенде қауіпсіз.
4. Мүсіндегенде колға жабыспайды.
5. Кептіруге болады.
6. Боялған қамырмен жұмыс істеуге болады, дайын мүсінге сурет салуға қолайлы
7. Тұзды қамырдан жасалған ойыншықтармен корыкпай ойнауға болады
8. Лакпен қатырса, ұзақ мерзімге сақталады.

Тұзды қамырдан мүсіндеу жасау балабақша тәрбиеленушілеріне өте қолайлы.

Түсінік хат

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Негізгі ережелер 28.11.2008 жылғы №628 бұйрығымен жүзеге асырылуда. «Зерек бала» бағдарламасы Қазақстан Республикасының жаңа МЖМБС –на сүйене отырып, мектепке дейінгі 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды жан-жақты, толыққанды дамуына, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауына, сонымен катар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты мақсаттарын шешуге бағытталған. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-на сай 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім берудің 5 саласы бойынша («Денсаулық», «Қатынас», Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта») жүзеге асып, МЖМБС талаптарына сай болуына көңіл бөлініп отыр. 2012 жылдың 20-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірлігінің №557 бұйрығы бойынша вариативтік оқу бағдарламасын бекіту туралы бұйрығы негізінде ересек топта 3 сағат енгізілді. 3сағат «Таным» білім беру саласынан (Логика) 1 сағат «Қатынас» білім беру саласынан (Ертегілер елінде) 1сағат, «Шығармашылық» беру саласынан «Шебер колдар» 0,5 сағат, «Денсаулық» білім беру саласынан (Өзіңді тани біл) 0,5 сағат болып бөлінді.Жыл сайын бала дамуында, өз құралпастарының қатарынан қалып бара жатқан бала саны көбейіп келеді. Адамның колы- ол бір құрал іспеттес, кол, баланың дамуына әсерін тигізеді.

Тәжірибеге сүйенсек, бала мектеп табалдырығын аттағанда (6-7) жас 70-80 пайызы саусақ маторикаларының жеткілікті дамымағанын көреміз.

Саусақтарының әлсіздігі, нашар дамығаны, жазуларының нашарлығына, ұзақ уақыт жаза алмауларына әкеліп соғады.

Саусақ маторикаларының нашар дамуы көбінесе ауырушаң, кіші кезінен балабақшаға бармаған балаларда көп кездеседі. Сондықтан да біз «Шығармашылық» білім беру саласынан «Шебер қолдар» (Тұзды қамырдан мүсіндеу) –ді кіргізуге ұйғардық.

Мүсіндеудің мақсаты:

Мүсіндеудің бала тәрббиесінде алатын маңызы өте зор.

Мүсіндеу арқылы баланың саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

«Шебер қолдар» (Тұзды қамырдан мүсіндеу)

Р\с	Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Апта күні
1	Қыркүйек	1. «Күз сыйлығы» 2. «Добым, добым дөңгелек»	2 2	02/09 - 09 16/23 - 09
2	Қазан	1. «Жүзік» 2. «Алтын балық»	2 2	30/09-07.10 14-21.10
3	Қараша	1. «Үйрек» 2. «Торғай»	2 2	28/10 - 04.11 11-18. 11
4	Желтоқсан	1. Үй жануары «Қозы» 2. «Шыршаға арналған ойыншықтар»	2 2	25.11 - 02.12 09-23. 12
5	Қаңтар	1. «Мен, менің достарым жануарларым» 2. «Аққала»	2 2	30.12 - 06.01 13-20.01
6	Ақпан	1. «Ұшақ» 2. «Машина»	2 2	27.01/03.02 10, 17. 02
7	Наурыз	1. «Анама арналған гүл» 2. «Қуыршаққа арналған моншақтар»	2 2	24.02/03.03 10-17.03
8	Сәуір	1. «Түймедақ» 2. «Адам бейнесі»	2 2	24-31 03 07-14.04
9	Мамыр	1. «Гүлді алма ағашы» 2. «Үлкен және кіші саңырауқұлақтар»	2 2	21.28. 04 05, 12. 05
	Барлығы		**36сағат**	